

«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ  
АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
100024, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28 үй,  
тел.: (7212) 35-64-12, тел./факс: (7212) 35-63-98  
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz



Некоммерческое акционерное общество  
«КАРАГАНДИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА»  
100024, г. Караганда, ул. Университетская, 28,  
тел.: (7212) 35-64-12, тел./факс: (7212) 35-63-98  
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz

Non-profit limited company  
«KARAGANDY UNIVERSITY OF THE NAME OF ACADEMICIAN E.A. BUKETOV»

28, Universitetskaya Str., Karaganda, Kazakhstan, 100024  
tel.: (7212) 35-64-12, tel./fax: (7212) 35-63-98  
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz

№ 15-27-1/44  
на № \_\_\_\_\_ от \_\_\_\_\_

«08» 01 2024 ж.  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ г.

**ҚР ЖБҒМ Ғылым және жоғары білім  
саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің  
төрағасы А.Ж.Тойбаевқа**

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Сізге «8D05101/6D060700 - Биология» білім беру бағдарламасы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғауға бағытталған Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2023 жылға арналған есеп жібереді.

Қосымша 10 бет

Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыс жөніндегі  
Проректор

Орындаушы: Жузбаева Г.О.  
Тел.: +77009175925

Е.М. Тажбаев

**2023 жылғы «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»  
жанындағы «8D05101 – Биология/6D060700 - Биология» білім беру бағдарламасы  
бойынша кадрларды даярлау бағытына сәйкес Диссертациялық кеңестің жұмысы  
туралы есеп**

Диссертациялық кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 58 «Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестерді ашу туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асырады. Диссертациялық кеңеске "8D05101/6D060700 – Биология" білім беру бағдарламасы бойынша диссертацияны қорғауға рұқсат етіледі.

Диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы - 4 (Академик Е. Бөкетов атындағы ҚарУ Басқарма Төрағасы-Ректорының 03.05.2022 жылғы № 576 бұйрығы) (1 кесте):

1 Кесте. Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ жанындағы "8D05101/6D060700 – Биология" білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы

№ п/п	Т.А.Ж.	Негізгі жұмыс орны, лауазымы	Ғылыми дәрежесі, мамандық шифры, атағы
1	Конқабаева Айман Ережеповна, төраға	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, профессор	м.ғ.д., 03.00.13-Физиология, профессор
2	Сарсенбаев Қанат Нуриллаевич, төрағаның орынбасары	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, профессор, Астана қ.	б.ғ.д., 03.00.12 - Өсімдіктердің биохимиясы мен физиологиясы, профессор
3	Сатыбалдиева Гүлмира Калмашевна	С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, доцент Астана қ.	б.ғ.к., 03.00.08-Зоология; 03.00.16-Экология.
4	Жүзбаева Гүлмира Окебаевна, ДК ғылыми хатшысы	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, зоология кафедрасының қауымдастырылған профессоры	б.ғ.к. 07.00.14-Гигиена,

1. **Өткізілген отырыстар саны** – 6 (алты), оның ішінде 2 (екі) қорғау отырысы, 4 (төрт), – ұйымдастыру бойынша отырыстар.

2. **Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері** - жоқ.

**3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (2 кесте)**

Кесте 2. 2023 жылы диссертация қорғаған докторанттардың тізімі

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
1	Ахметова Меруерт Жанатқызы	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6D060700 – Биология	03.11.2023 ж.	Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді, № 986 бұйрық 01.12.2023 ж.
2	Әмирханова Жанерке Талғатқызы	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6D060700 – Биология	04.12.2023 ж.	



**4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

*Ахметова Меруерт Жанатовна* - тақырыбы «Онтогенездің эмбрионалдық кезеңінде серотонин концентрациясы өзгерген егеуқұйрықтардың оң жақ қарынша миокардының жиырылғыштығының реттелуі». Зерттеу жұмыстары КеАҚ «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» биология-география факультетінің физиология кафедрасында, КеАҚ «Қарағанды медицина университеті» физиология кафедрасында және Қазан мемлекеттік медицина университетінің (Ресей Федерациясы) қалыпты физиология және жалпы патология кафедраларында орындалды.

Қорғаудың өткен күні 03.11.2023 ж.

*Қаралған жұмыс тақырыбына талдау*

Диссертациялық жұмыс егеуқұйрықтардың күшіктерінің оң жақ қарынша миокардының иноторопты қызметіне онтогенездің эмбрионалдық кезеңінде серотонин концентрациясының өзгерісінің әсерін зерттеуге арналған. Онтогенездің эмбрионалдық кезеңінде серотониннің мембраналық тасымалдаушысының және серотонин синтезінің блокадасының егеуқұйрық күшіктерінің оң жақ қарынша миокардының иноторопты қызметіне әсерін зерттеу.

*Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттары мен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:*

Диссертациялық жұмыс «Емшектегі балаларда өкпелік гипертензияны ерте диагностикалау әдісін клиникалық - физиологиялық негіздеу» №АР05136034 атты ғылыми жоба негізінде орындалды.

Диссертацияның негізгі мазмұны 14 басылымдарда жарияланды: оның ішінде Scopus деректер қорында индекстелетін және рецензияланатын ғылыми басылымдарда 2 мақала, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала. Бірқатар жұмыстар Ресейде өткен халықаралық конференциялардың материалдарында ұсынылып, жарияланды. Жұмыстың негізгі нәтижелері Ресей ғылым академиясының академигі Евгений Евгеньевич Никольскийді еске алуға арналған X Бүкілресейлік жас ғалымдар мектебінде «От нейрона к мозгу» Сателлиттік симпозиумінде (Қазан қ., 2019 ж.), «Актуальные проблемы биологии развития» жас ғалымдардың конференциясында (Мәскеу қ., 2021 ж.) талқыланды. Зерттеу нәтижелері бойынша 1 монография жарияланды.

*Диссертацияның нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау:*

Алынған нәтижелерді жас ерекшеліктеріне қарай егеуқұйрықтардың жүрек-қантамырлар жүйесінің қызметінің физиологиялық және фармакологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелерін түсіндіру үшін пайдалануда ұсынылады. Сонымен қатар, алынған нәтижелер академик КеАҚ «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің» биология-география факультетінің физиология кафедрасында өткізілетін «Жүрек-қантамыр жүйесі» тарауы бойынша зертханалық жұмыстарын өткізуге енгізілген; КеАҚ «Қарағанды медицина университетінің» физиология кафедрасының оқу процесіне мына түрде: «Жалпы медицина» мамандықтары үшін модуль «Сұйықтық және транспорт», «Жүрек-қантамыр жүйесі. Лимфалық жүйе» атты пәніне «Фармация» мамандықтары үшін «Жүрек бұлшықетінің физиологиялық қасиеттері» атты тақырыбында, «Биомедицина» мамандықтары үшін «Қан айналым физиологиясы. Қан айналымның нейрогуморальдық реттелуі» атты тақырыбында тәжірибелік сабақтарын өткізуге енгізілген.

Диссертантпен экспериментте анықталды және дәлелденді: пренаталдық даму кезеңінде серотонин концентрациясының өзгеруі жаңа туған егеуқұйрық күшіктерінде оң жақ қарынша миокардының жиырылу қызметін төмендетеді; онтогенездің эмбрионалдық кезеңінде серотонин концентрациясының өзгеруі жаңа туған егеуқұйрық күшіктерінің оң



жақ қарынша миокардының жағымсыз морфологиялық өзгерістеріне әкеледі; дамудың эмбрионалдық кезеңінде серотонин концентрациясының төмендеуі мен жоғарылауы жаңа туған егеуқұйрық күшіктерінде серотониннің мембраналық тасымалдаушысының фосфорланған түрінің экспрессиясын төмендетеді.

**Амирханова Жанерке Талғатқызы** - тақырыбы «Лактобактериялардың биологиялық қасиеттеріне тағамдық талшықтардың әсерін зерттеу».

Диссертациялық жұмыс биотехнология және экомониторинг зерттеу паркі (КеАҚ "Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ"), ғылыми-зерттеу зертханасы (КеАҚ "Қарағанды медицина университеті"), микробиом зертханасы (Өмір туралы ғылымдар орталығы, "National Laboratory Astana" ЖМ, Назарбаев университеті) және қатты денелер физикасы зертханасы («Ядролық физика институты», Астана филиалы, ҚР ЭМ) базасында орындалды. Қорғау 04.12.2023 ж. өтті.

*Қаралған жұмыс тақырыбына талдау*

Диссертациялық жұмыс тағамдық талшықтардың қатысуымен генетикалық тұрақты, отандық бәсекеге қабілетті лактобактериялардың бастапқы дақылдарының биологиялық қасиеттерін зерттеуге арналған, лактобактериялар Қарағанды облысының әртүрлі аудандарынан қолдан дәстүрлі тәсілмен өндірілген сүтқышқылды этноөнімдерден бөлініп алынды. Зерттеу мақсаты: тағамдық талшықтардың лактобактериялардың биологиялық қасиеттеріне әсерін зерттеу (*in vitro*).

*Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:*

Диссертациялық жұмыс аясында 9 ғылыми жұмыс жарияланды. Оның ішінде 2 мақала Scopus базасындағы халықаралық журналда: «Screening of Antimicrobial and Adhesive Activity of Lactobacilli Isolated from the National Food Products from Different Districts of the Karaganda Region (Kazakhstan)»/Macedonian Journal of Medical Sciences (Македонияның медициналық ғылымдар журналы). 9(A). 2021. P.827-832. (Q3, процентиль – 52); «The ability of *Lactobacillus helveticus* -13 (*Lh-13*) Isolate Isolated from Lactic Acid Products to form A biofilm by Applying Modern Microscopy Methods»/ Jordan Journal of Biological Sciences (Иорданияның биологиялық ғылымдар журналы) Volume 16, Number 1, March 2023. P.63 – 71. Q3- процентиль – 48, үш мақала ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғарғы білім саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда; 1 мақала ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығының хабаршысы (2019 ж) басылымында; 3 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жарияланды: «Биология мен экологияның өзекті мәселелері» (Қарағанды 2018 ж.), «Ғылым, білім және өндіріс интеграциясы - ұлттық жоспарды жүзеге асырудың негізі» (Қарағанды, 2019 ж); «Фараби әлемі» (Алматы, 2020 ж.) зерттеу нәтижелері бойынша: 2 әдістемелік нұсқаулық қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің», «Қарағанды медицина университетінің» оқу процесіне және ЖСШ «Нәтиже» Сүт Фабрикасына» өндіріске енгізу актісі, 4 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік, 1 пайдалы модель патент алынды.

*Диссертацияның нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау:*

Алынған нәтижелер белсенді биологиялық қасиеттері бар изоляттардың жұмыс жинағын қалыптастыру кезінде пайдаланылды (*Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік №8863 17 наурыз 2020 ж., оқу процесіне енгізілді*): микробқа қарсы белсенділік спектрі, қоректік ортаның төмен рН мәндеріне сүтқышқылды таяқшаларының төзімділігі, биоүлбір түзуші белсенділік, адгезиялық қасиеттерге тағамдық талшықтардың әсері анықталды. Алынған нәтижелер микробиологияның, сондай-ақ тәжірибелік, тағамдық және ветеринарлық микробиологияның дамуы үшін маңызды, сүтқышқылды таяқшаларын кең



практикалық қолдану мен одан әрі зерттеудің келешегін ашады. КеАҚ академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіндегі биология-география факультетінің және КеАҚ Қарағанды медицина университетіндегі биомедицина кафедрасының микроорганизмдер коллекциясы 34 сүтқышқылды таяқшалар изолятымен толықтырылды: *Lactobacillus helveticus* түрінің алты изоляты (*Lh-13, Lh-14, Lh-15, Lh-17, Lh-20, Lh-22*), *Lacticaseibacillus rhamnosus* түрінің жеті изоляты (*Lrh-1, Lrh-1/1, Lrh-2ә, Lrh-3ә, Lrh-24, Lrh-39, Lrh-40*), *Lactiplantibacillus plantarum* түрінің үш изоляты (*Lpl-2/1, Lpl-5, Lpl-89*), *Lacticaseibacillus paracasei* түрінің он изоляты (*Lpc-4, Lpc-5/1, Lpc-28, Lpc-32, Lpc-34, Lpc-35, Lpc-36, Lpc-38, Lpc-37, Lpc-48*), *Limosilactobacillus fermentum* түрінің үш изоляты (*Lf-18, Lf-38/1, Lf-81*), *Lactobacillus acidophilus* түрінің үш изоляты (*Lac-50, Lac-52, Lac-79*), *Lactobacillus delbrueckii* түрінің екі изоляты (*Lacd-53, Lacd-54*).

Алынған деректердің негізінде пробиотикалық дақылдар атласы құрылды (Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік №30964 9 желтоқса 2022 ж.), зерттеу нәтижелері өндіріске енгізілді ТОО «Нәтиже» Сүт Фабрикасы».

Сүтқышқылды таяқшаларының коллекциялық дақылдарын тағамдық талшықтармен толықтырылған ферментативті ортада сақтаудың жаңа тәсілі ұсынылды (Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік №35559 11 мамыр 2023 ж.).

Зерттеуді орындау барысында лактобактерия морфологиясын және олардың биоүлбір түзуші қасиеттерін лазерлік түсіру микродиссекцияда зерттеу кезінде сынама дайындаудың жаңа тәсілі әзірленді (Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік №23592 14 ақпан 2022 ж., КеАҚ «ҚМУ» биомедицина кафедрасының оқу процесіне енгізілді, пайдалы модель патенті N 8042 05.05.23 ж.).

## **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

М. Ж. Ахметованың диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер бекітілді:

- Төлеуова Әлия Смағұлқызы, медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, "Қарағанды медицина университеті" КеАҚ ішкі аурулар кафедрасының профессоры, (14.00.17. – гигиена)

- Абылайханова Нұржанат Татуханқызы, биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасы профессорының м. а., (Алматы қ.), (03.00.13. – физиология).

Ж.Т. Әмірханованың диссертациялық жұмысы бойынша келесі ресми рецензенттер бекітілді:

- Сармурзина Зинигуль Сериковна, биология ғылымдарының кандидаты, "Республикалық микроорганизмдер коллекциясы" ЖШС антибиотиктер мен қайталама метаболиттерді зерттеу орталығының меңгерушісі, Астана қ., (03.00.07 – Микробиология);

- Бейсембаева Гүлнара Әмірғалиқызы, медицина ғылымдарының кандидаты, "Облыстық клиникалық аурухана" КМК бактериологиялық зертханасының меңгерушісі, Қарағанды қ., (03.00.07- Микробиология; 14.00.36 - Аллергология және иммунология).

Жоғарыда аталған рецензенттер диссертациялық кеңеске уақытында пікірлерін тапсырды; пікірлер ҚР білім және ғылым министрінің 30.04.2020 ж. № 170 бұйрығының 28-тармағының талаптарына сәйкес ресімделді және академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ сайтында орналастырылған.

Рецензенттер ізденушілердің диссертациялық зерттеулерін бағалау бойынша терең талдамалық жұмыс жүргізгенін, өз пікірлерінде мынадай аспектілерді: диссертациялардың ғылымды дамыту бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін,

